

ӨОЖ 327.5

FTAMP 11.25.43

<https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.61.3.019>

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ АЙМАҚТЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ САЯСИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫРЛАРЫ

*Қурпебаева Г.К.¹

*¹ Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Соңғы жарты ғасырда Таяу Шығыста аймақтану әрекеттері бірнеше рет қолға алынғанымен, саяси, экономикалық және қауіпсіздік өлшемдеріндегі ынтымақтастық шектеулі деңгейде қалып отыр. Мақалада бұл үдерістің институционалдық әлсіздігі, ішкі сенім тапшылығы және сыртқы державалардың ықпалына тәуелділігі жан-жақты талданады. Зерттеу салыстырмалы саяси талдау әдісіне сүйеніп, Таяу Шығыс пен Орталық Азия тәжірибелерін қатар қарастыру арқылы аймақтық интеграцияның ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Нәтижелер энергетикалық саясаттың аймақ елдерін байланыстыратын басты арна болғанымен, мемлекетаралық бәсекелестік пен сенімсіздік оның әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіретінін айқындады. Қауіпсіздік саласында ортақ қатерлерге қарамастан, аймақтық институттардың әлсіздігі мен сыртқы акторлардың ықпалы шешуші рөл атқаруда. Геосаяси өлшемде көпвекторлы дипломатия елдердің егемендігін сақтауға мүмкіндік бергенімен, терең интеграцияға кедергі болып отыр. Зерттеу қорытындысында Таяу Шығыстағы аймақтану формалды институттарға қарағанда бейресми, бейімделгіш сипатта дамып келе жатқан саяси құбылыс екендігі көрсетіліп, болашақта икемді және көпдеңгейлі ынтымақтастық үлгілерін қалыптастыру қажеттілігі атап өтіледі.

Тірек сөздер: Таяу Шығыс, Орталық Азия, энергетикалық саясат, аймақтық қауіпсіздік, көпвекторлы дипломатия, халықаралық қатынастар, интеграция, аймақтық ынтымақтастық

Кіріспе

XXI ғасырда жаһандану мен аймақтану әлемдік саясаттың негізгі үрдістерінің біріне айналды. Жаһандану мемлекеттердің экономикалық, саяси және әлеуметтік жүйелерін бұрын-соңды болмаған деңгейде өзара тәуелді етіп, ұлттық егемендіктің дәстүрлі шекараларын кеңейтті. Алайда дәл осы үдеріс ұлттық қауіпсіздік пен саяси тұрақтылыққа жаңа сын-қатерлер туғызып, мемлекеттердің жаһандық процестерге дербес ықпал ету мүмкіндіктерін шектей түсті. Осындай жағдайда аймақтану құбылысы

мемлекеттердің сыртқы қысымға бейімделу және геосаяси кеңістікте өз мүдделерін қорғау құралы ретінде маңызға ие бола бастады [1].

Аймақтану тек экономикалық ынтымақтастықпен шектелмей, саяси, қауіпсіздік және өркениеттік өлшемдерді де қамтитын күрделі құбылыс болып отыр. Халықаралық қатынастар теориясында ол бір жағынан – мемлекеттердің экономикалық мүдделерін үйлестірудің тетігі ретінде, екінші жағынан – сыртқы қысымға қарсы тұрудың және аймақтық бірегейлікті нығайтудың құралы ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда Таяу Шығыс аймағы ерекше назар аудартады. Бұл аймақ өзінің геостратегиялық маңызы, табиғи ресурстарының мол қоры және өркениеттер тоғысында орналасуымен аймақтанудың күрделі әрі қайшылықты қырларын айқын көрсетеді.

Тарихи тұрғыдан алғанда, Таяу Шығыстағы мемлекеттер аймақтық интеграцияға бірнеше рет ұмтылғанымен, олардың ұзақ мерзімді тиімділігі төмен болды. Бұған отарлық мұра, қырғи-қабақ соғыстың биполярлық құрылымы, этникалық-діни жіктелулер мен мемлекетаралық сенім тапшылығы айтарлықтай әсер етті [2]. Мәселен, 1945 жылы құрылған Араб мемлекеттері лигасы (ЛАГ) араб бірлігін нығайту мақсатын көздегенімен, ішкі алауыздықтар мен сыртқы державалардың ықпалы оның нақты саяси салмағын шектеді [3]. Ал 1969 жылы құрылған Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) ислам әлемін біріктіру идеясын көтергенімен, саяси-идеологиялық жіктелістер бұл ұйымды негізінен консультативтік алаң деңгейінде қалдырды.

Саяси және қауіпсіздік өлшемдерімен қатар, аймақта энергетикалық фактордың орны ерекше. Мұнай мен газдың әлемдік нарықтағы стратегиялық маңызы Таяу Шығысты жаһандық энергетикалық қауіпсіздіктің өзегіне айналдырды. Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесі (ПШЫК) шеңберінде энергетикалық және сауда-экономикалық интеграцияға бағытталған бастамалар қолға алынғанымен, мемлекетаралық сенімсіздік пен қауіпсіздік дағдарыстары оның әлеуетін толық ашуға мүмкіндік бермеді [4].

Қазіргі таңда Таяу Шығыстағы аймақтану тек аймақтық деңгейдегі мәселе емес, жаһандық саясаттағы негізгі факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Бұл аймақтың ішкі тұрақсыздығы мен сыртқы державалардың мүдделер қақтығысы халықаралық қауіпсіздік жүйесіне тікелей ықпал етіп отыр. Сонымен қатар, аймақтың энергетикалық әлеуеті әлемдік экономика үшін стратегиялық мәнге ие. Осы себепті Таяу Шығыстағы аймақтану үрдістерін ғылыми тұрғыдан терең талдау теориялық қана емес, практикалық тұрғыдан да өзекті.

Осы мақалада Таяу Шығыстағы аймақтанудың саяси, экономикалық және қауіпсіздік қырлары кешенді түрде қарастырылады. Сонымен бірге, зерттеу барысында Орталық Азиядағы тәжірибе салыстырмалы талдау

үшін қолданылады. Бұл тәсіл Таяу Шығыстың аймақтық интеграция ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беріп, аймақтық саясаттағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтауға жол ашады.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеудің негізгі әдіснамалық негізі – салыстырмалы саяси талдау. Бұл тәсіл Таяу Шығыстағы аймақтану үдерістерін түсіндірумен қатар, оларды Орталық Азиядағы ұқсас құбылыстармен салыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай салыстырудың мақсаты – Таяу Шығыстың аймақтық интеграция тәжірибесін айқындап, оның ерекшеліктерін нақтырақ ашу.

Салыстыру барысында бірнеше өлшем таңдалды: энергетикалық саясат – Таяу Шығыстағы мұнай-газ экспорты мен Орталық Азиядағы транзиттік әртараптандыру; қауіпсіздік мәселелері – Таяу Шығыстағы қақтығыстар мен діни экстремизм және Орталық Азиядағы шекаралық даулар мен су ресурстары; геосаяси стратегиялар – Таяу Шығыс елдерінің көпполярлық жүйеде жүргізіп отырған көпвекторлы дипломатиясы мен Орталық Азиядағы ұқсас сыртқы саяси тәжірибелер; аймақтық ұйымдардың институционалдық әлеуеті; аймақтағы сыртқы державалардың ықпалы.

Неліктен Таяу Шығыс – басты зерттеу нысаны? Таяу Шығыс халықаралық қатынастар ғылымында аймақтану феноменін зерттеудің ең күрделі әрі өзекті алаңы болып табылады. Біріншіден, бұл аймақтың энергетикалық ресурстары жаһандық экономика үшін шешуші рөл атқарады. Екіншіден, Таяу Шығыс тұрақсыздық пен қақтығыстардың ошағы ретінде аймақтық қауіпсіздік архитектурасының әлсіздігін көрсетеді. Үшіншіден, сыртқы державалардың (АҚШ, Ресей, Қытай, ЕО) бәсекелі ықпалы аймақтануды ерекше геосаяси сипатқа ие етеді. Сондықтан Таяу Шығыс – аймақтық интеграцияны талдаудың негізгі зерттеу алаңы, ал Орталық Азия тек салыстырмалы контекст ұсынатын қосымша мысал ретінде қарастырылады.

Аймақтану мен интеграция үдерістері халықаралық қатынастар ғылымында XX ғасырдың екінші жартысынан бастап кеңінен зерттелді. Неофункционализм мен либералдық институционализм теориялары аймақтық ұйымдардың құрылуын экономикалық өзара тәуелділік пен ортақ мүдделер арқылы түсіндіреді. Бұл бағыттағы еңбектерде аймақтық кооперация ұлттық мүдделерді кеңейтіп, ортақ институттар арқылы саяси тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік беретіні атап өтіледі [5].

Реализм мен неореализм аймақтануды ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралы ретінде сипаттайды. Олардың пайымдауынша, аймақтық ұйымдардың тиімділігі мемлекеттердің күш тепе-теңдігіне, қауіп-қатерді қабылдау деңгейіне және ұлттық егемендікті қорғау мүддесіне

тәуелді [6]. Мұндай көзқарас әсіресе Таяу Шығыста өзекті, себебі мұнда мемлекеттер аймақтануды көбіне сыртқы қысымға қарсы тұру тетігі ретінде қарастырады.

Бүкіл әлемде терроризм мен экстремистік үрдістер халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке елеулі қауіп төндіретін деңгейге жетті [7]. Бұл құбылыс Таяу Шығыста айрықша байқалады: радикалдық ағымдар аймақтағы тұрақсыздықты күшейтіп, мемлекетаралық сенім мен ынтымақтастықты әлсіретуде. Мұндай жағдайда ұжымдық қауіпсіздік институттарын жетілдіру мен аймақтық үйлестіруді арттыру аймақ мемлекеттерінің басты қажеттілігіне айналып отыр.

Қауіпсіздікке қатысты жаңа зерттеулерде «аймақтық қауіпсіздік кешендері теориясы» маңызды орын алады. Бұл теория бойынша қауіпсіздік мәселелері көбіне аймақ ішінде шоғырланып, көрші мемлекеттер арасында өзара тәуелділік тудырады [8]. Таяу Шығыстағы этникалық, діни және идеологиялық қайшылықтар, сондай-ақ сыртқы державалардың геосаяси мүдделері аймақтық қауіпсіздік архитектурасын әлсіретуде.

Таяу Шығыс аймақтануының өзіндік ерекшеліктері бар. ЛАГ пен ИЫҰ сияқты ұйымдардың институционалдық әлсіздігі жиі сыналады, бірақ олардың символикалық-саяси мәні жоғары екені көрсетіледі [9]. Бұл ұйымдар ұжымдық шешім қабылдауда шектеулі болғанымен, саяси ынтымақтастық пен идеологиялық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды.

Энергетикалық өлшемдегі зерттеулер Парсы шығанағы елдерінің аймақтық энергетикалық қауіпсіздіктегі орнын айрықша атап көрсетеді. ПШЫК шеңберіндегі интеграциялық бастамалар мұнай мен газ экспортының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталғанымен, мемлекетаралық сенімсіздік пен геосаяси қақтығыстар олардың тиімділігін төмендетеді [10]. Жаһандық энергетикалық нарықтағы сұраныс пен жеткізілім теңгерімсіздігі аймақ елдерінің өзара әрекеттесуін күрделендіреді [11].

Неолиберализм теориясы аймақтануды мемлекеттердің өзара тәуелділігі мен ұзақмерзімді ынтымақтастығын арттыратын құрал ретінде қарастырады. Бұл тұрғыдан алғанда, энергетикалық өзара тәуелділік пен сауда байланыстары тек экономикалық пайда әкеліп қана қоймай, сонымен қатар саяси сенімділікті қалыптастыруға және қақтығыстардың алдын алуға ықпал етеді [12].

Ал конструктивизм зерттеулерінде аймақтану тек материалдық факторларға емес, сонымен бірге идеяларға, нормаларға және бірегейлікке тәуелді екені атап өтіледі. Таяу Шығыста діни-мәдени бірегейлік, өркениеттік дискурс және идеологиялық рәміздер аймақтық ынтымақтастықтың ерекше формаларын қалыптастырады. Бұл тәсіл формалды институттардың әлсіздігін түсіндіре отырып, бейресми тетіктер мен символикалық саясаттың ықпалын ашып көрсетеді.

Соңғы онжылдықта зерттеушілер аймақтануды тек ресми ұйымдар тұрғысынан емес, бейресми желілер, трансұлттық байланыстар және жұмсақ интеграция арқылы қарастыруға баса назар аударуда. Мұндай әдіс Таяу Шығыстағы күрделі саяси құрылымды және дәстүрлі емес ынтымақтастық формаларын түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу Таяу Шығыстағы аймақтанудың біртекті емес әрі қарама-қайшылықтарға толы процесс екенін көрсетеді. Аймақтың энергетикалық нарықтағы стратегиялық орны, геосаяси бәсекелестік пен қауіпсіздік мәселелері оны халықаралық қатынастар теориясы мен тәжірибесінде басты зерттеу нысанына айналдырып отыр.

Аймақтану құбылысы тек ішкі аймақтық факторлармен ғана емес, сонымен қатар халықаралық жүйенің жалпы эволюциясымен де анықталады. Қазіргі кезеңде әлемдік тәртіптің көпполярлық сипатқа көшуі аймақтанудың жаңа түрлерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарып отыр.

Халықаралық қатынастар теорияларында көпполярлық жүйе мемлекеттерге бір орталыққа тәуелді болмай, түрлі бағыттағы альянстар мен серіктестіктерді дамытуға мүмкіндік беретіні атап көрсетіледі. Бұл жағдай әсіресе Таяу Шығыста айқын байқалады, себебі аймақ елдері АҚШ, Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ сияқты ірі державалардың бәсекелі ықпал ету алаңына айналған. Мұндай жағдайда аймақтық интеграция тек ішкі ынтымақтастықтың емес, сыртқы тепе-теңдіктің де құралына айналуға.

Жаңа аймақтық блоктар мен альянстардың пайда болуы – көпполярлық кезеңнің басты ерекшелігі. Мысалы, BRICS+, ШЫҰ және Түркі мемлекеттері ұйымы секілді құрылымдар дәстүрлі батыс институттарына балама ретінде қарастырылып, аймақтық саясатты қайта бағыттауда. Бұл ұйымдар формалды құқықтық міндеттемелерден гөрі саяси символизмге, көпжақты келіссөздерге және прагматикалық ынтымақтастыққа сүйенеді.

Таяу Шығыс елдері үшін мұндай жағдай «көпвекторлы дипломатия» саясатына жол ашты. Мемлекеттер өздерінің энергетикалық ресурстарын, транзиттік әлеуетін және геосаяси орнын пайдалана отырып, әртүрлі блоктармен байланыс орнатуда. Бұл тәсіл аймақ елдерінің егемендігін сақтай отырып, жаһандық өзгерістерге бейімделуін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, көпполярлық жүйеде аймақтық қауіпсіздік архитектурасы да жаңаша сипат алуға. Қауіпсіздік мәселелерін шешу үшін тек бір державаға немесе альянсқа сүйену тиімсіз екені айқындалды. Сондықтан аймақ елдері бір мезгілде бірнеше институтқа мүше болып, түрлі бағыттағы қауіпсіздік кепілдіктерін іздеуде.

Энергетикалық саясат та көпполярлық контекстте жаңа мәнге ие болды. Жаһандық нарықтағы энергия тасымалдаушыларға сұраныстың

өзгеруі, жасыл экономикаға көшу және жаңа энергетикалық дәліздердің ашылуы Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы аймақтануды қайта құруда. Бұл факторлар аймақтық ынтымақтастықты тек экономикалық тұрғыдан ғана емес, саяси бейімделудің құралы ретінде қарастыруды қажет етеді.

Осылайша, қазіргі ғылыми әдебиеттер көпполярлық әлемде аймақтануды жаһандық күштердің қайта бөлінуімен, жаңа блоктардың құрылуымен және сыртқы қысымдарға бейімделу қабілетімен тығыз байланыстырады. Бұл тұрғыдан алғанда, Таяу Шығыстағы аймақтық саясат жаһандық өзгерістердің сынақ алаңы болып отыр.

Нәтижелер

Зерттеу нәтижелері Таяу Шығыстағы аймақтану үдерістерінің күрделі әрі қайшылықты сипатын айқын көрсетті. Әсіресе энергетикалық саясат, қауіпсіздік мәселелері, геосаяси стратегиялар мен институттық әлеует тұрғысынан екі аймақты салыстыру бірқатар маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Энергетикалық саясат екі аймақта да аймақтанудың басты қозғаушы күші болып табылады. Мәселен, Таяу Шығыс аймағы әлемдік мұнай мен газ қорының шамамен 50%-дан астамын иеленіп отыр, сондықтан жаһандық энергетикалық нарықтағы баға тұрақтылығы, жеткізілім қауіпсіздігі және энергетикалық дәліздер мәселесі тікелей осы аймақпен байланысты. Сауд Арабиясы, Иран, Катар және Біріккен Араб Әмірліктері секілді ірі экспорттаушылар аймақтық энергетикалық саясаттың орталық ойыншыларына айналған. Дегенмен, олардың арасындағы геосаяси бәсекелестік (әсіресе Сауд Арабиясы мен Иран арасындағы текетірес) энергетикалық ынтымақтастықты тежейді.

Орталық Азиядағы жағдай салыстырмалы түрде өзгеше. Бұл аймақта энергетикалық ресурстар жеткілікті болғанымен (әсіресе Қазақстан, Түрікменстан, Өзбекстанда), олардың тасымалы сыртқы дәліздерге тәуелді. Сондықтан аймақтану үдерістері көбіне энергетикалық әртараптандыру және жаңа транзиттік бағыттарды қалыптастырумен байланысты. Орталық Азияда Каспий теңізінің мәртебесіне қатысты ұзаққа созылған дау немесе су-энергетикалық ресурстарды бөлісудегі қайшылықтар аймақтық ынтымақтастықты әлсіретуде. Бұл жағдай неолиберализмдегі «экономикалық өзара тәуелділік интеграцияны тереңдетеді» деген болжамды ішінара ғана растап, аймақтық ерекшеліктердің маңызын айқындайды. Таяу Шығыстан айырмашылығы, Орталық Азия елдері энергетикалық саясатты тек экспорттық пайда көзі емес, сонымен қатар сыртқы қысымдардан қорғану тетігі ретінде қарастырады.

Екі аймаққа ортақ тұжырым – энергетика интеграцияның негізгі факторы бола тұра, мемлекетаралық сенім тапшылығы оның әлеуетін

толық пайдалануға мүмкіндік бермейді. Таяу Шығыстағы діни-саяси қайшылықтар, ал Орталық Азиядағы транзиттік тәуелділік пен ішкі бәсекелестік интеграцияны тежейтін басты шектеулер болып табылады.

Қауіпсіздік мәселелері және аймақтық тұрақсыздыққа келетін болсақ, қауіпсіздік өлшемі екі аймақта да аймақтану үшін шешуші мәнге ие, бірақ құрылымдық тұрғыдан әлсіз болып табылады.

Таяу Шығыста аймақтық қауіпсіздікке әсер ететін негізгі факторлар – қарулы қақтығыстар, этникалық және діни шиеленістер, сондай-ақ терроризм мен экстремизм. Сириядағы соғыс, Ирактағы саяси тұрақсыздық, Палестина мәселесі және Йемендегі қақтығыс аймақтық тұрақтылықты әлсіретіп отыр. Бұл факторлар мемлекеттерді ортақ қауіпсіздік жүйесін құруға итермелесе де, шынайы интеграциялық құрылымдардың орнына уақытша альянстар мен сыртқы державаларға сүйенетін модельдер қалыптасты.

Орталық Азияда да қауіпсіздік мәселелері өзекті. Шекаралық даулар, су ресурстарын бөлуге қатысты қайшылықтар, сондай-ақ діни экстремизмнің таралу қаупі аймақтық тұрақсыздықтың негізгі көздері болып отыр. Дегенмен, Таяу Шығыстан айырмашылығы, Орталық Азияда қарулы қақтығыстар ауқымды сипат алмағанымен, ішкі қауіпсіздік құрылымдарының әлсіздігі аймақтық деңгейдегі бірлескен шешімдерді қиындатады.

Аймақтық ұйымдардың рөлі екі аймақта да шектеулі. Қарастырылып отырған аймақтардағы қауіпсіздік саласында құрылған аймақтық институттар әлсіз, ал сыртқы державалардың қатысуымен жасалған альянстар маңызды рөлге ие. Бұл мемлекеттердің өз ішінде ортақ сенімнің жеткіліксіздігін, саяси үйлестірудің шектеулілігін көрсетеді. Мысалы, Таяу Шығыстағы Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесі (ПШЫК) қауіпсіздік саласында бірқатар келісімдерге қол жеткізгенімен, Катар дағдарысы секілді ішкі қайшылықтар ұйымның бірлігін әлсіретті. Сондай-ақ, Араб мемлекеттері лигасы мен Ислам ынтымақтастығы ұйымы қауіпсіздік мәселелерінде нақты нәтижеге қол жеткізе алмады. Сол сияқты, Орталық Азияда Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) аясында аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету талпыныстары байқалғанымен, олардың нақты тиімділігі шектеулі болып отыр. ҰҚШҰ мен ШЫҰ секілді ұйымдардың әлеуеті көбіне сыртқы державалардың (Ресей мен Қытайдың) мүдделерімен ұштасып отыр. Бұл жағдай аймақтық қауіпсіздік архитектурасының дербес дамуын тежейді.

Геосаяси стратегия тұрғысынан екі аймақта да көпвекторлы саясат басымдыққа ие. Таяу Шығыс елдері АҚШ, Ресей, Қытай, Еуропалық Одақ сияқты ірі державалардың ықпалын теңгеруге ұмтылып отыр. Сауд Арабиясы мен Біріккен Араб Әмірліктері АҚШ-пен қауіпсіздік саласында

тығыз байланыста болса, Иран Ресей және Қытаймен стратегиялық серіктестік орнатуда. Түркия өзін аймақтық держава ретінде танытуға тырысуда, ал Израильдің саясаты Батыспен интеграцияға бағытталған. Бұл көпвекторлы дипломатия мемлекеттерге егемендігін сақтауға мүмкіндік береді, бірақ аймақшілік ынтымақтастықтың тереңдеуіне кедергі келтіреді.

Орталық Азияда да ұқсас жағдай байқалады. Қазақстан көпвекторлы дипломатияны сыртқы саясатының негізгі доктринасы ретінде қабылдап, Ресей, Қытай және Батыс арасындағы тепе-теңдікті ұстанып отыр. Өзбекстан соңғы жылдары аймақтық ашықтық пен көпвекторлы бағытты күшейтті. Қырғызстан мен Тәжікстан көбіне Ресей мен Қытайға тәуелді, ал Түрікменстан бейтараптық саясатын жалғастыруда.

Осылайша, көпвекторлы саясат екі аймақта да сыртқы қысымдардан қорғануға және ұлттық егемендікті сақтауға мүмкіндік береді. Дегенмен, көпвекторлы дипломатияның аймақшілік интеграцияға кері әсері бар: елдер сыртқы серіктестіктерге көбірек мән беріп, аймақтық ынтымақтастық екінші қатарға ығыстырылуда. Бұл әсіресе Таяу Шығыста айқын көрінеді, себебі мұнда мемлекеттер көбіне сыртқы державалармен келісім жасау арқылы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа кепілдік іздейді.

Зерттеу көрсеткендей, аймақтық ұйымдардың институционалдық әлеуеті жеткіліксіз болып отыр. Араб мемлекеттері лигасы (ЛАГ) араб бірлігін нығайту мақсатын алға тартқанымен, ішкі алауыздықтар мен сыртқы қысымға байланысты нақты нәтижелерге қол жеткізе алмады. ПШЫК энергетикалық ынтымақтастық пен әскери ынтымақтастық саласында белгілі бір жетістіктерге жетсе де, мүше мемлекеттердің арасындағы саяси сенімсіздік пен сыртқы ойыншыларға тәуелділік оның тиімділігін шектеп отыр. Ал Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИБІҰ) ислам әлемін біріктіруші символикалық ұйым ретінде қалыптасқанымен, нақты саяси үйлестіру қабілеті төмен деңгейде қалып отыр. Орталық Азиядағы интеграциялық бастамалар да (Ортазиялық ынтымақтастық, кейінірек – Ортазиялық экономикалық қауымдастық, сондай-ақ Түркі мемлекеттері ұйымы) саяси декларациялардан әрі аса алмай, мемлекетаралық сенім тапшылығы салдарынан әлсіреп келеді.

Сыртқы державалардың ықпалы екі аймақта да шешуші рөл атқарады. Таяу Шығыста АҚШ-тың әскери қатысуы, Ресейдің Сириядағы мәселеге араласуы, Қытайдың энергетикалық жобаларға инвестициясы аймақтанудың бағытына тікелей әсер етсе, Орталық Азияда Ресей мен Қытайдың бәсекелестігі, сондай-ақ Батыс елдерінің энергетикалық әртараптандыруға қызығушылығы аймақтық интеграцияны сыртқы факторларға тәуелді етуде. Бұл халықаралық қатынастардағы реалистік көзқарастарды растайды: мемлекеттер аймақтық институттардан гөрі сыртқы күш орталықтарымен альянстарды маңыздырақ көреді.

Жинақталған салыстырмалы талдау нәтижелері төмендегі кестеде берілген.

Кесте 1 - Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы аймақтанудың салыстырмалы қырлары

Өлшемдер	Таяу Шығыс	Орталық Азия
Энергетикалық саясат	Мұнай мен газ экспорты – негізгі байланыс арнасы; бірақ сенімсіздік интеграцияға кедергі	Транзиттік дәліздер мен әртараптандыруға басымдық; үйлестіру жеткіліксіз
Қауіпсіздік мәселелері	Терроризм, діни экстремизм, ішкі тұрақсыздық	Шекара даулары, су ресурстары, трансұлттық қатерлер
Геосаяси стратегиялар	Көпвекторлы саясат – ірі державалардың ықпалын теңгеру	Көпвекторлы саясат – сыртқы қысымдарды азайту тетігі
Сыртқы державалардың ықпалы	АҚШ, Ресей, Қытай, ЕО және аймақтық ойыншылардың белсенді араласуы	Ресей мен Қытайдың басым ықпалы, Батыс пен Түркия қосымша рөлде
Институционалдық әлеует	ЛАГ, ПШЫК, ИЫҰ сияқты ұйымдар бар, бірақ әлсіз үйлестіру	ЕАЭО, ШЫҰ сияқты ұйымдар арқылы интеграция бар, бірақ егемендік шектеуі байқалады

Кестеден көрініп тұрғандай, екі аймақта да интеграция үдерісінің қозғаушы факторлары ұқсас болғанымен, олардың жүзеге асу деңгейі мен институционалдық тетіктерінің тиімділігі әртүрлі. Таяу Шығыстағы формалды ұйымдар символикалық сипатта қалып, нақты үйлестіруді қамтамасыз ете алмай отыр. Ал Орталық Азияда белгілі бір экономикалық ынтымақтастық байқалғанымен, егемендікті сақтау қажеттілігі мен сенім тапшылығы үдерістің тереңдеуіне кедергі келтіреді.

Жалпы алғанда, Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы аймақтанудың ортақ сипаттары да, ерекшеліктері де анықталды. Екі аймақ та жаһандық нарыққа интеграцияланғанымен, ішкі қайшылықтар мен қауіпсіздік архитектурасының әлсіздігі олардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік бермейді. Соған қарамастан, энергетикалық фактор, көпвекторлы дипломатия және сыртқы державалардың ықпалы бұл екі аймақты халықаралық қатынастардағы стратегиялық маңызы зор аймақтар қатарында ұстап отыр.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Таяу Шығыстағы аймақтану үдерістері қарама-қайшылықтарға толы әрі күрделі сипатта дамып келеді. Бір жағынан, энергетикалық әлеует пен геостратегиялық маңызы оны халықаралық қатынастардағы басты назардағы аймаққа айналдырса, екінші жағынан, ішкі саяси тұрақсыздық, этникалық және діни жіктелулер аймақтық интеграцияның толыққанды қалыптасуына кедергі келтіріп отыр.

Энергетикалық фактор аймақтық өзара әрекеттестіктің өзегінде қала береді. Мұнай мен газ экспортынан түсетін табыс Таяу Шығыс

мемлекеттеріне жаһандық экономикада ерекше салмақ береді. Дегенмен, энергетикалық саясат көбіне бәсекелестіктің көзіне айналып, интеграциялық үрдістерді тежейді. Бұл жағдай халықаралық қатынастар теориясындағы неолибералдық көзқарасқа қайшы келеді: өзара экономикалық тәуелділік ынтымақтастықты арттыруы тиіс болса да, Таяу Шығыста ол тұрақсыздықты күшейтіп отыр. Орталық Азияда да энергетикалық әртараптандыруға бағытталған бастамалар бар, бірақ олардың нәтижелілігі шектеулі, себебі мемлекетаралық сенім тапшылығы мен сыртқы қысымдарға бейімделу қажеттілігі басым.

Қауіпсіздік өлшемінде де ұқсас қайшылықтар байқалады. Таяу Шығыста терроризм, діни экстремизм, азаматтық соғыстар және аймақшілік шиеленістер қауіпсіздікті әлсіретуде. Мұндай жағдай аймақ елдерін бірлескен іс-қимылға итермелегенімен, институционалдық үйлестіру деңгейі төмен болып отыр. Араб мемлекеттері лигасы (ЛАГ) ұзақ тарихына карамастан, нақты қауіпсіздік механизмдерін қалыптастыра алмады. Парсы шығанағы ынтымақтастық кеңесі (ПШЫК) энергетикалық және әскери салада қадамдар жасаса да, ішкі сенімсіздік пен сыртқы күштердің ықпалы оның ықпалын әлсіретуде. Ислам ынтымақтастығы ұйымы (ИЫҰ) кең ауқымды халықаралық беделге ие болғанымен, саяси үйлестіруде нақты нәтижелер көрсете алмай отыр. Бұл жағдай Таяу Шығыстағы аймақтанудың «формалды институттары бар, бірақ тиімділігі төмен» феноменін айқын көрсетеді.

Орталық Азиядағы ұйымдар тәжірибесі салыстыруға лайық. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) қауіпсіздік саласында тиімді платформалардың біріне айналса, Түркі мемлекеттері ұйымы мәдени-өркениеттік бірегейлікті нығайтуға бағытталған. Бұл ұйымдар да бірқатар шектеулерге тап, бірақ Таяу Шығыстағы ұйымдарға қарағанда прагматикалық сипатымен ерекшеленеді. Мұнда посткеңестік ортақ тарих пен геосаяси мүдделер интеграцияны алға жылжытуға мүмкіндік беруде.

Геосаяси стратегия тұрғысынан алғанда, екі аймақта көпвекторлы саясат жүргізуде. Таяу Шығыс елдері АҚШ, Ресей, Қытай және Еуропалық Одақ арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Бұл саясат мемлекеттердің егемендігін сақтап қалуға мүмкіндік бергенімен, интеграцияны баяулатады. Орталық Азия да ұқсас стратегия ұстануда, мұнда да көпвекторлық сыртқы қысымдарды азайтудың құралы ретінде қолданылады.

Соңғы жылдары аймақтанудың жаңа сын-қатерлері де пайда болды. Біріншіден, климаттың өзгеруі мен су ресурстарының тапшылығы екі аймақта да стратегиялық мәселе ретінде күн тәртібіне шықты. Таяу Шығыстағы Ефрат пен Тигр өзендері, Орталық Азиядағы Әмудария мен Сырдария бассейндері мемлекетаралық даулардың негізгі нысанына айналды. Екіншіден, көші-қон және демографиялық өзгерістер аймақтық

тұрақтылыққа тікелей ықпал етуде. Таяу Шығыстағы босқындар дағдарысы Еуропамен байланыста үлкен мәселе туғызса, Орталық Азияда еңбек миграциясы әлеуметтік-экономикалық тәуелділікке әкеліп отыр. Сонымен қатар, жаңа энергетикалық дәліздер мен жасыл энергетикаға көшу екі аймақта да аймақтық саясаттың жаңа бағытына айналуға.

Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл нәтижелер аймақтану теорияларын қайта қарастыруды қажет етеді. Реалистік көзқарас Таяу Шығыстағы қауіпсіздік архитектурасының әлсіздігін жақсы түсіндіреді, себебі мемлекеттер егемендігін қорғауды бірінші орынға қояды. Неолибералдық институционализм аймақтық ұйымдардың тиімділігін асыра бағалағаны анықталды, өйткені формалды институттар нақты интеграциялық нәтижелер бермей отыр. Ал конструктивистік бағыт Таяу Шығыстағы мәдени, діни және өркениеттік факторлардың интеграцияға ерекше ықпалын көрсетеді.

Жалпы алғанда, салыстырмалы талдау көрсеткендей, Таяу Шығыспен Орталық Азия аймақтану үдерістерінде ортақ сипаттарға ие болса да, олардың институционалдық әлеуеті мен саяси-мәдени контексті әртүрлі. Екі аймақта да энергетика мен қауіпсіздік мәселелерінде сыртқы державаларға тәуелді болып қала береді. Дегенмен, бейресми тетіктер мен көпвекторлы дипломатия олардың халықаралық қатынастарда белгілі бір дәрежеде маневр жасауына мүмкіндік береді.

Болашақ зерттеулер үшін жаңа сын-қатерлерді (климат, су тапшылығы, көші-қон, цифрлық технологиялар) аймақтық ынтымақтастық тұрғысынан қарастыру маңызды. Бұл факторлар интеграцияны жаңа деңгейге шығаруы мүмкін немесе керісінше, қосымша қайшылықтар туғызуы ықтимал. Сондықтан Таяу Шығыстағы аймақтануды тек дәстүрлі қауіпсіздік пен энергетикалық саясат аясында емес, кеңірек жаһандық контексте қарастыру қажет.

Қорытынды

Бұл зерттеуде Таяу Шығыстағы аймақтану үдерістерінің күрделі әрі қайшылықты сипаты жан-жақты талданып, оны Орталық Азиядағы ұқсас тәжірибемен салыстыру арқылы бірқатар маңызды қорытындылар жасалды.

Біріншіден, энергетикалық саясат аймақтағы интеграцияның негізгі қозғаушы күші болғанымен, мемлекетаралық сенімсіздік пен бәсекелестік оның толыққанды жүзеге асуына кедергі болып отыр. Мұнай мен газ экспорты Таяу Шығыс елдеріне жаһандық маңыз береді, алайда энергетикалық әріптестік интеграцияны тереңдетудің орнына көбіне саяси-экономикалық бақталастықтың көзіне айналуға.

Екіншіден, қауіпсіздік саласында ортақ қатерлер – терроризм, діни экстремизм, ішкі тұрақсыздық, трансұлттық қылмыс – мемлекеттерді бірлескен іс-қимылға итермелесе де, институционалдық үйлестірудің

әлсіздігі олардың әрекеттерін тиімді етпей отыр. Аймақтық ұйымдар (ЛАГ, ПШЫК, ИЫҰ) формалды тұрғыда бар болғанымен, нақты саяси ықпалға ие емес, көбіне декларативті сипатта қалып отыр.

Үшіншіден, геосаяси стратегия тұрғысынан Таяу Шығыс елдері көпвекторлы саясат ұстанып, АҚШ, Ресей, Қытай және Еуропалық Одақ арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысады. Бұл тәсіл егемендікті қорғаудың тиімді құралы болғанымен, аймақшілік интеграцияға кері әсер етеді. Дәл осындай жағдай Орталық Азияда да байқалады: мемлекеттер көпвекторлы саясат арқылы сыртқы қысымға төтеп беріп отырғанымен, бұл ішкі үйлесімсіздікті күшейтіп, ортақ институттардың дамуына кедергі келтіреді.

Төртіншіден, салыстырмалы талдау Таяу Шығыс пен Орталық Азиядағы аймақтану үдерістерінің ұқсастықтарын да, айырмашылықтарын да көрсетті. Ұқсастығы – екі аймақ та энергетикалық әлеуетке сүйеніп отыр, сыртқы державалардың ықпалын теңестіруге тырысады және институционалдық әлсіздікке тап болуда. Айырмашылығы – Таяу Шығыстағы интеграция көбіне діни-идеологиялық факторлармен қиындаса, Орталық Азияда ол посткеңестік мұра мен экономикалық әртараптандыру қажеттілігімен шектеледі.

Сонымен қатар, зерттеу аймақтанудың болашағына қатысты жаңа сын-қатерлерді де айқындады. Көші-қон, климат өзгерісі, су ресурстары, энергетикалық өтпелі кезең және технологиялық тәуелділік аймақ елдерін дәстүрлі қауіпсіздік пен энергетикалық өлшемдерден бөлек жаңа ынтымақтастық бағыттарын іздеуге мәжбүр етуде. Бұл факторлар аймақтануды бейресми, икемді және көпқырлы сипатқа бейімдеп отыр.

Осылайша, Таяу Шығыстағы аймақтану тек экономикалық немесе қауіпсіздік құралы ғана емес, сонымен қатар егемендікті сақтау мен сыртқы қысымдарға бейімделудің саяси механизміне айналды.

Зерттеу барысында анықталған заңдылықтар Таяу Шығыс елдері үшін аймақтанудың тек теориялық ұғым емес, нақты саяси тетік екенін көрсетті. Аймақтағы интеграциялық бастамалардың тиімділігі көбіне бейресми ынтымақтастыққа және сыртқы державалармен теңгерімді саясат жүргізуге тәуелді. Осыны ескере отырып, Таяу Шығыстағы аймақтануды жандандыруға бағытталған мынадай практикалық ұсыныстарды ұсынуға болады:

Энергетикалық ынтымақтастықты институционализациялау – аймақтық энергетикалық агенттік құру арқылы мұнай-газ экспортын үйлестіру.

Су ресурстарын басқару жөніндегі көпжақты келісімдер – трансшекаралық даулардың алдын алу үшін.

Аймақтық қауіпсіздік кеңесін құру – терроризм және экстремизм қатерлеріне қарсы ортақ тетік ретінде.

Бейресми дипломатиялық арналарды дамыту – сенім шараларын қалыптастыру үшін академиялық, мәдени және жастар алмасу платформаларын пайдалану.

Орталық Азиямен серіктестікті нығайту – энергетика, көлік дәліздері және су ресурстары бойынша екі аймақтың тәжірибесін ұштастыру.

Жүргізілген зерттеу Таяу Шығыстағы аймақтанудың көпқырлы әрі қайшылықты сипатын ашып көрсетті. Мақалада берілген салыстырмалы талдау бұл үдерістің тек теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибелік деңгейде де халықаралық қатынастардағы маңызды факторға айналғанын дәлелдейді. Энергетикалық саясаттың аймақтық интеграциядағы жетекші рөлі, қауіпсіздік архитектурасының әлсіздігі және көпвекторлы дипломатияның артықшылықтары мен шектеулері сараланып, болашақтағы ынтымақтастықтың әлеуетті бағыттары көрсетілді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері аймақтық саясатты түсінуге, сондай-ақ халықаралық қауымдастық үшін Таяу Шығыстың стратегиялық маңызын айқындауға үлес қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Fawcett L. *International Relations of the Middle East*. - 5th ed. - Oxford University Press, 2019. - 424p.

[2] Hinnebusch R. *The International Politics of the Middle East*. - 2nd ed. - Manchester University Press, 2015. - 350 p.

[3] Barnett M. *Dialogues in Arab Politics: Negotiations in Regional Order*. - New York: Columbia University Press, 1998. - 338 p.

[4] Solingen E. *Regional Orders at Century's Dawn: Global and Domestic Influences on Grand Strategy*. - Princeton: Princeton University Press, 1998. - 312 p.

[5] Buzan B., Wæver O. *Regions and Powers: The Structure of International Security*. - Cambridge: Cambridge University Press, 2003. - 564 p.

[6] Gause F. G. III. *The International Relations of the Persian Gulf*. - Cambridge: Cambridge University Press, 2010. - 268 p.

[7] Шайморданова З.Д. Баланс между традиционными и инновационными методами в исследовании и преподавании экономической дипломатии // Известия. Серия: Международные отношения и регионоведение. - 2025. - 60(2). - С.309-328. <https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.60.2.019>

[8] Luciani G. *The Oil and the State: Political Economy of Middle Eastern Oil*. - London: Routledge, 1984. - 281 p.

[9] Fawcett L. *Regionalism and the Middle East* // *International Affairs*. -

2013. - Vol. 89, No. 6. - Pp. 1195-1212.

[10] Kamrava M. The Arab Spring and the Future of the Middle East Regional Order // *Orbis*. - 2014. - Vol. 58, No. 1. - Pp. 65-83.

[11] Acharya A. Constructing global order: Agency and change in world politics. - Cambridge: Cambridge University Press, 2014. - pp. 91-118.

[12] Achcar G. The Middle East and Climate Change: A Political Challenge for the Twenty-First Century // *Globalizations*. - 2021. - Vol. 18, No. 7. - Pp. 1105-1122.

REFERENCES

[1] Fawcett L. *International Relations of the Middle East*. 5th ed. Oxford University Press, 2019, 424p.

[2] Hinnebusch R. *The International Politics of the Middle East*. 2nd ed. Manchester University Press, 2015, 350 p.

[3] Barnett M. *Dialogues in Arab Politics: Negotiations in Regional Order*. New York: Columbia University Press, 1998, 338 p.

[4] Solingen E. *Regional Orders at Century's Dawn: Global and Domestic Influences on Grand Strategy*. Princeton: Princeton University Press, 1998, 312 p.

[5] Buzan B., Wæver O. *Regions and Powers: The Structure of International Security*. Cambridge: Cambridge University Press, 2003, 564 p.

[6] Gause F. G. III. *The International Relations of the Persian Gulf*. Cambridge: Cambridge University Press, 2010, 268 p.

[7] Shaimordanova Z.D. Balans mezhdu tradicionnymi i innovacionnymi metodami v issledovanii i prepodavanii jekonomicheskoy diplomatii [The balance between traditional and innovative methods in the teaching and research of economic diplomacy]. *Izvestija. Serija: Mezhdunarodnye otnoshenija i regionovedenie*, 2025, 60(2), S.309-328 [in Russ.]. <https://doi.org/10.48371/ISMO.2025.60.2.019>

[8] Luciani G. *The Oil and the State: Political Economy of Middle Eastern Oil*. London: Routledge, 1984, 281 p.

[9] Fawcett L. Regionalism and the Middle East. *International Affairs*, 2013, Vol. 89, No. 6, p. 1195-1212.

[10] Kamrava M. The Arab Spring and the Future of the Middle East Regional Order. *Orbis*, - 2014, Vol. 58, No. 1, p. 65-83.

[11] Acharya A. Constructing global order: Agency and change in world politics. Cambridge: Cambridge University Press, 2014, p. 91-118.

[12] Achcar G. The Middle East and Climate Change: A Political Challenge for th

АСПЕКТЫ РЕГИОНАЛЬНОЙ ИНТЕГРАЦИИ НА БЛИЖНЕМ ВОСТОКЕ: ПОЛИТИЧЕСКИЕ, ЭКОНОМИЧЕСКИЕ И В СФЕРЕ БЕЗОПАСНОСТИ

*Курпебаева Г.К.¹

*¹ Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

Аннотация. За последние десятилетия на Ближнем Востоке неоднократно предпринимались попытки регионализации, однако сотрудничество в политической, экономической и сфере безопасности остается ограниченным. В статье анализируются слабые стороны этого процесса: институциональная неустойчивость, дефицит доверия между государствами и высокая зависимость от влияния внешних держав. Исследование основано на методе сравнительного политического анализа и сопоставляет опыт Ближнего Востока с Центральной Азией для выявления особенностей региональной интеграции. Результаты показывают, что энергетическая политика выступает главным каналом взаимодействия, но межгосударственная конкуренция и недоверие препятствуют реализации её потенциала. В области безопасности, несмотря на наличие общих угроз, региональные институты остаются слабыми, а внешние акторы продолжают играть доминирующую роль. Геополитическая многовекторность позволяет государствам сохранять суверенитет, однако одновременно замедляет углубление интеграции. В заключение подчеркивается, что регионализация на Ближнем Востоке развивается преимущественно в неформальном и адаптивном формате, что требует выработки более гибких и многоуровневых механизмов сотрудничества в будущем.

Ключевые слова: Ближний Восток, Центральная Азия, регионализация, энергетическая политика, региональная безопасность, многовекторная дипломатия, международные отношения, интеграция, региональное сотрудничество

REGIONAL INTEGRATION IN THE MIDDLE EAST: POLITICAL, ECONOMIC AND SECURITY DIMENSIONS

*Kurpebayeva G.¹

*¹ Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Over the past decades, numerous attempts at regionalization in the Middle East have been undertaken, yet cooperation in the political, economic, and security dimensions remains limited. This article examines the weaknesses of these processes, focusing on institutional fragility, lack of trust among states,

and persistent dependence on external powers. Employing a comparative political analysis, the study juxtaposes the Middle Eastern and Central Asian experiences to highlight the distinct features of regional integration. The findings reveal that while energy policy constitutes a major driver of interdependence, interstate rivalry and mistrust hinder its full potential. In the security domain, despite common threats, regional institutions remain weak, with external actors exerting decisive influence. Geopolitically, multi-vector diplomacy enables states to safeguard sovereignty but simultaneously constrains deeper integration. The study concludes that regionalization in the Middle East evolves primarily in informal and adaptive forms, underscoring the necessity of flexible, multi-level frameworks of cooperation for the future.

Key words: Middle East, Central Asia, regionalization, energy policy, regional security, multi-vector diplomacy, international relations, integration, regional cooperation

Автор туралы мәлімет:

Курпебаева Г.К. – PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: gaziza-k@mail.ru

Информация об авторе:

Курпебаева Г.К. – PhD, ассоциированный профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, e-mail: gaziza-k@mail.ru

Information about the author:

Kurpebayeva G. – PhD, associate professor, Kazakh Ablai khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, e-mail: gaziza-k@mail.ru

Мақала түсті: 3 Қыркүйек 2025
Жариялауға қабылданды: 25 Қыркүйек 2025